апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 16/556
20 апреля 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

# НОВАЯ СТРАТЕГИЯ РАЗВИТИЯ И ПРОГРАММА ТРАНСФОРМАЦИИ ФОНДА "САМРУК-КАЗЫНА"

**Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев провел заседание Совета по управлению Фондом национального благосостояния "Самрук-Казына", передает Kazpravda.kz.**

В ходе заседания были обсуждены вопросы, касающиеся принятия обновленных Стратегии развития "Самрук-Казына" и Программы трансформации фонда.

Открывая встречу, Президент Казахстана отметил стратегическое значение ФНБ "Самрук-Казына" в деле укрепления и дальнейшего развития национальной экономики.

"Самрук-Казына" играет важную роль в экономике нашей страны. Первая долгосрочная стратегия развития Фонда была принята в 2012 году. Она была разработана с целью противодействия последствиям мирового финансового кризиса. За последние годы ситуация изменилась. Устояв перед внешними факторами, наша экономика встала на путь стабильного развития. Была проделана немалая работа", – сказал Нурсултан Назарбаев.

Глава государства положительно оценил мероприятия, направленные на развитие Фонда, и указал на необходимость обновления принятых ранее программ в соответствии с современными условиями.

"Мы приступили к Третьей модернизации экономики, началась активная работа по цифровизации. Была принята стратегия развития страны до 2025 года. В этих условиях назрела необходимость принятия новой Стратегии развития "Самрук-Казына". Также требуется обновление Программы трансформации Фонда. Результаты этой программы должны найти свое отражение в деятельности компаний Фонда", – сказал Президент Казахстана.



В ходе заседания были заслушаны отчеты председателя Совета директоров АО "Самрук-Казына" – Премьер-министра Б. Сагинтаева, председателя правления АО "Самрук-Казына" А.Есимова, независимого директора АО "Самрук-Казына" Р.Эванса. Участникам совещания были презентованы обновленные Стратегия развития АО "Самрук-Казына" на 2018-2028 годы и Программа трансформации. Отдельное внимание было уделено вопросам развития человеческого капитала и эффективного использования кадрового потенциала Фонда.

Выслушав докладчиков, Нурсултан Назарбаев обратил внимание присутствующих на ряд вопросов, требующих принятия соответствующих мер.

"Касательно повышения эффективности управления Фондом. До сих пор продолжает действовать многоуровневая система управления компаниями Фонда. Это усложняет принятие решений, требует значительных финансовых ресурсов на содержание многочисленного административно-управленческого персонала. Необходимо сократить уровни управления", – сказал Глава государства.

Президент Казахстана также акцентировал внимание на важности продолжения работы по приватизации активов Фонда, отметив наличие высокой заинтересованности иностранных инвесторов в участии в данной программе.

Нурсултан Назарбаев отдельно остановился на процессе цифровизации компаний Фонда, подчеркнув актуальность и своевременность этой программы в условиях четвертой промышленной революции.

Кроме того, Глава государства указал на необходимость принятия системных решений в отношении крупных инвестиционных проектов Фонда.

По итогам заседания Президент Казахстана одобрил обновленные Стратегию развития АО "Самрук-Казына" на 2018-2028 годы и Программу трансформации Фонда и поручил обеспечить особый контроль по их дальнейшей реализации.

"Работа Фонда национального благосостояния должна быть направлена на улучшение жизни казахстанцев и укрепление экономики страны. Новая Стратегия развития и Программа трансформации не только повысят эффективность работы Фонда, но и положительно повлияют на дальнейшее развитие национальной экономики. В этой связи Правительство совместно с руководством Фонда должно проводить активную работу по осуществлению этих программ", – заключил Нурсултан Назарбаев.

**источник: www.kazpravda.kz**

*Рухани жаңғыру – латын әліпбиіне көшу*

# ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ТАРИХИ ТАҢДАУ

**Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында 2018 жылдың 18 сәуірі күні «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Латын әліпбиіне көшу – тарихи таңдау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.**



Аталған іс-шараға Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандары, оқырмандар қатысты. Іс-шараның мақсаты: Латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы туралы терең мағлұмат беру, қоғамдық пікір қалыптастыру.

Жалпы іс-шара барысында кітапхана әдіскері Ш.Козыгельдиева оқырмандарға еліміздегі маңызды мәселенің бірі - латын әліпбиіне көшу мәселесі туралы баяндап, болашақ үшін жасалатын жауапты қадам екенін жеткізді. Дөңгелек үстелге қатысушылар қазақ тілінің латын әліпбиіне көшу туралы ой-пікірді қолдайтындарын білдірді.

Оқырмандар назарына «Латын әліпбиіне көшу-тарихи таңдау» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

**№1 ЖББОМ**

*Рухани жаңғыру*

# ТІРЛІГІМНІҢ ТІРЕГІ – ТІЛ

***Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту - бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту.***

**Бауыржан Момышұлы**

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ деп атайтын боламыз» - деп асқақ рухпен атап көрсетілген.

Адамның адамдығын ана тілін білуі тұрғысынан бағалау - ата-бабасының өмір салты, әдет-ғұрпын, рухани байлығын білуі тұрғысынан бағалау деген сөз. Бұл бағзы заманнан келе жатқан дәстүр. Орыстың бір жазушысы: «Әрбір адамның ана тіліне деген көзқарасына қарап, оның мәдени деңгейіне ғана емес, азаматтық қасиеттеріне де мүлтксіз баға беруге болады. Ана тіліне немқұрайлықпен қарайтын адам хайуанмен бірдей. Оның ана тіліне деген немкеттілігі өз халқының өткеніне, қазіргісі мен келешегіне деген немкеттілікпен сабақтасып жатады. Ондайлар зиянды»,- дейді. Қатты айтылса да бұл шын сөз.

Қазақ тілінің қайнар бұлағы – халық ауыз әдебиеті. Батырлар жыры, ертегі, аңыздар, шешендік сөздері, айтыс өнері...

Тілдің өріс алар жері-отбасы, ошақ қасы, үйіші. «Әуелі-бесігіңді түзе» деген сөзді кемеңгер жазушымыз М.Әуезов текке айтпаса керек. Бірнеше тілді білу-байлық, өз тіліңді білмеу-қорлық екенін терең ұғына біліуіміз қажет. Елбасымыз, экономикада, білім мен ғылымда әлемдік бәсекелестік деңгейіне жету үшін үш тұғырлы тіл саясатын Қазақстан халқы алдына мақсат етіп қойды. Осы орайда, уызды ана тілімiздің құнарын жоғалтып алмай, өркениеттің көшіне қосылуы жолында аянбауымыз қажет. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов қазақ тілінің байлығын ғана сөз етіп, таңдаудан гөрі сол асыл қазынадан қамсызық-рекетсіз күйде жүріп, айырылып қалмау жағын көбірек әңгіме еткен. Осындай рухты ұлттың бүгінгі ұрпағы қасиетті қазақ тілінің қадірі мен мәртебесін тұғырлы асуларға жетелей берейікші.

**«Тілім менің – тірлігімнің айғағы,**
**Тілім барда айтылар сыр ойдағы.**
**Өссе тілім, мен де бірге өсемін,**
**Өшсе тілім мен де бірге өшемін!»** - деп Ә.Тәжібаев айтқандай, тіл өссе халық та, халық-тың рухани мәдениеті мен тұтастығы да жасай береді. Мен қазақпын дейтін әрбір азаматтың алдында ұлт тұтастығы мен ел бірлігінің жауынгері ретінде атқарар ісіміз ұшан-теңіз. Ендеше, мемлекеттік тіліміздің қолдану аясын кеңейтіп, көсегесін көгерту өз қолымызда екенін әркез басты назарда ұстанғанымыз жөн. Елің, жерің, ана тілің үшін күш-қайратың мен білік-біліміңді жұмсағайсың, жас ұрпақ!

**Жүнісова Ш.Ж.**
***«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ кітапханашысы***

*Рухани жаңғыру – Ұлттық бірегейлікті сақтау*

# ҚАҚПАН АҚЫННЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ТОЛҒАУЛАРЫ

Ақындығымен Арқа өңіріне аты мәлім болған, өткір тілді, от ауызды Қақпан Жиренбайұлы ел аузынан жеткен мәліметтерге қарағанда 1864 жылы қазіргі Қарағанды облысына қарасты Шет ауданындағы Бұғылы тауының баурайында дүниеге келіп, 1934 жылы Қызылжарда қайтыс болған. Ол әрі кедей, әрі даудамайдан аулақ жүретін момын Жиренбайдың бес ұлының ішіндегі ең кенжесі. Мұны ақынның:

**Туысқан бесеу едік Жиренбайдан,**
**Қолымда басқа мал жоқ жалғыз тайдан, -**
**деген өлең жолдарынан да байқаймыз.**

Қақпанның азан шақырып қойған аты – Батырбек. Ақынның аталас бауыры, Шет ауданының Ақсу-Аюлы кентінде өмір сүрген Ермек Мұстафиннің айтуы бойынша Жиренбайдан туған Құттыбек, Бұлдыбек, Құлыбек, Ысқақ және Батырбек. Міне, осы ең кенжесін өнерлі азаматтарды айрықша ілтіпат көрсетіп, сыйлайтын халқымыз ақындық қабілетін ерекше бағалап, сөзімен тіліп түсетін қасиетін байқап, Қақпан деп атап кетеді. Ақынның туған жері – Бұғылы тауының бір үлкен қойнауы – Қақпан сайы деп аталады. Шет ауданындағы Нұраталды ауылының сол кездегі тұрғыны Тайжанов Өкеннен 1973 жылдың 29 қарашасында облыстық «Жезқазған туы» газетіне келіп түскен хатта былай дейді: «Алыстан мұнартып көрінген Бұғылы-Тағылы, Құсмұрын-сымбыл қойнаулары Шет ауданындағы асыл өлкелердің бірі. Осы өлкеде өкпек желден саябыр сай бар. Бұл сай – Қақпан сайы деп аталады. Бұл сайдағы анау бір қораның орыны кедей семьясында туып-өскен Батырбек Жиранбайұлы тұрған үйдің орыны». Өкен де Қақпанның 1864 жылы дүниеге келгендігін айтады. Батырбек жеті жасқа келген шағында сол кезде ел ішінде етек алған шешек деген аурумен ауырып, қос жанарынан айрылады. Сөйтіп:

**Көзімді алды менің бұл қорасан,**
**Көрмедім мұндай ауру мен орасан**, -

деп жырлаған ақынның сауат ашуға мүмкіндігі мүлдем жабылады. Ақынның жанарының жеті жаста кеткендігін оның өз өлеңдерінен де байқаймыз:

**Қарқабат, Қаракесек, атым Қақпан,**
**Жүйрікпін шығанақтан шыға шапқан.**
**Тәңірім жеті жаста көзімді алып,**
**Соқыр қып әр нәрседен мені қаққан.**

Әдебиеттер мен әр түрлі басылымдарда Қақпан туралы мәліметтер айтарлықтай көп емес. Дегенмен, аздаған дүниелердің өзінен ақынның өз кезінде алдына жан салмаған шебер тілді, өткір сөзді әрі сазгер, әрі әнші өнерпаз болғандығын айқын аңғаруға болады. Қарт журналист О.Орынтаев «Орталық Қазақстан» газетінің 1977 жылғы 20 қыркүйектегі санына шыққан «Қақпан ақын хақында» деген мақаласында мынадай естелік айтады: «Тоқырауын бойын мекендейтін Тобықты елінің Манас руынан шыққан атақты ақын Кенішбаймен жұп жазбай он жыл дәмдес-сырлас, жолдас болдым. Ол көпті көрген көне қария, әрі суырып салма тәсілмен айтатын төкпе ақын еді. Сол Кеншекең 1960 жылы 94 жасында дүние салды.

Кеншекең бір реттегі әңгімесінде шаншар руынан шыққан атақты ақын Соқыр-Ажарға амандаса барғанда, сол елде жүрген Қақпан ақынмен кездескенін әңгіме етіп айтқанды Қақпанның бір-екі өлеңін де айтып бергенді.

Мен Қақпан ақынмен екі рет кездестім. Бірінде Қу еліндегі Ажар ақынның үйінде алғаш көріп, амандасып танысқанбыз. Мен сияқты, Қақпан да амандаса барған екен. Бұл жолы сөзді Ажар бастап айтты да, біз пәлендей шешіліп сөйлескеніміз жоқ, Ажардың әңгімесінен тыңдаумен болдық. Екінші рет Қақпанды әдейі еліне іздеп барып, сөйлесіп, сыр шерткенімізде білгенім мынау еді, - деп Кеншекең әңгімесін одан әрі созды.

Қақпан өзімізбен көрші отырған мына Шет ауданының адамы. Ұмытпасам әкесінің аты Жиенбек (не Жиенбай) еді. Өзі тым сөзуар, өткір тілді, орақ ауызды, шешен адам еді. Ертеде Семей губерниясына қарасты Қарқаралы уезінің Қызылтау деп аталатын болысында, кедей шаруаның семьясында туып-өскен. Руы – Қояныштағай. Бес-алты шамасында қорсан шығып, екі көзі бірдей майып болып қалған. Кішкентай кезінен домбыра тартып, естіген күйлерін қалт жібермей, нақысына келтіре тартылатын болып, ауыл-аймақ, естірмендерінің алғысына бөлене берген». Расында Қақпанның ақындығымен көпшілікке танылуы бала кезінде басталғандығын көптеген көне көз қариялардың айтқан әңгімелерінен анықтауға болады. Ақынның қос жанарынан айрылып көзі көруден қалғанымен көңілі, ақыл-ойы алысты барлайтын ақындарға тән байқампаздығы мен тіл өрнектері шығарған толғауларынан көрініп отырады. Бірте-бірте өзінің ақындық өнерін күн көріс кәсібіне айналдырады. Нәтижесінде жеке адамдарға арналған арнау өлеңдер өмірге келіп, олардың бір тобы өткір сынға бағытталса, екінші тобы, мақтап, марапаттауға негізделген. Ақынның ағайындарының бірі Ермек Мұстафин Қақпанды жиырмасыншы жылдары біраз уақыт Шу өңірінде болғандығын айтады. 1958 жылдың 23 наурызындағы «Советтік Қарағанды» газетінде жарияланған «Соқыр Қақпан ақын» деген топтама өлеңдердің кіріспесінде Қақпанның үш баласының болғандығын, үлкені – Торғайбекке қастандықпен у беріп өлтіргендігін, ал, кейінгі – Саулебек пен Қасымхан деген балаларының Ұлы Отан соғысында қаза тапқандығын жазған. Ал, Ермек ақсақалдың өзімен тілдескенде 1939 жылы Қызылжарға барып Қақпанның үйінде болғандығын Сәулебек пен Қасымханның ет комбинатында жұмыс істеп жүргенде көргендігін әңгімеледі. Бәйбішесі Ақбикешті 1948 жылы шет ауданының Шет совхозына қарасты Тұмсық бөлімшесінде тұратын Қақпанның туысқаны Әбікей Кәрібеков деген кісі көшіріп әкеледі. Ақбикеш 650 жылдардың орта кезінде қайтыс болған.

Ақын туралы жазылған деректер айтарлықтай деректер көп емес. Дегенмен, 1961 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасынан Д.Шалабековтың құрастыруымен жарыққа шыққан «Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары» деген жинақтың кіріспесінде мынадай мәлімет берілген: «1946 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институты бастырып шығарған Балхаш Әбиевтің «Қарағанды кені» дейтін кітабында:

**Жолығар пәнде өмірдің әр ісіне,**
**Нілдінің тас ұнталар дәрісіне.**
**Қыдырғанда қызырдың ісін басып,**
**Кез келдім Байшағардың Әлісіне.**

Және:

**Әуелі бісміллә деп сөзді бастап,**
**Бұлбұлдай тілді безеп мен бір қақсап.**
**Ел тозған, заман азған турасында,**
**Артыма кетейінші аз сөз тастап.**
**Жатқанымыз ағылшынның казарма үйі,**
**Лас, былық, жан тыныгар жоқ бір күйі.**
**Жүргеніміз жер асты күңгір білте шаммен,**
**Адамның айналғандай баста миы.**
**Сатыдан күнде түсіп булужка алып,**
**Осындай күйде жатыр талай халық,**
**Жас өмір жапан түзден күн кешіп ек,**
**Япырмай көрерміз бе енді жарық?**
**Қайғылы мұңды болып ғаззі басты,**
**Төзімсіз күйде кешіріп өмір жасы,**
**Зорлықты тартып жатқан сан мұңлықпыз**,

**-** деген текст келтіріліп, бұл өлеңдердің біріншісінің авторы 1934 жылы қайтыс болған Соқыр-қақпан екендігі, екіншісінің авторы белгісіз, бірақ Қарағанды жұмысшыларының арасында туғандығы айтылады». Келтірілген деректен қақпан ақынның өз кезінде көпшілікке танымалы болған, өлең-жырларының ел ішіне кеңінен тарағандығын байқаймыз. Ақынға байланысты келесі бір керемет суреттеуді атақты жазушы Ғабиден Мұстафиннің «Көз көрген» романынан кездестіреміз. Туынды көркем шығарма болғанымен Қақпанның бет-бейнесі өте шебер әрі нанымды бейнеленген. Оқырманға түсінікті болу үшін үзіндіні толық келтіргенді жөн көрдік: «Осы кезде көзі жұмулы, қолында таяқ, беті шұп-шұбар, домбыра асынған бір бала жетелеп келді. Келе-ақ домбырасына қосыла сарнады сол адам:

**«... Сұрасаң руымды Қояныштағай,**
**Ішінде Қояныштағай Дәулет-Таңай,**
**Белгілі Қақбан ақын мен боламын,**
**Саумысың, Махамбетше жарқыным-ай.**
**Тал қармап, сөз сауады соқыр Қақбан,**
**Тәңірім ораза ашар әлі болса,**
**Тентіреп қақсар ма еді жақ жаппастан.**
**Құдайым көзімді алды көрмесін деп,**
**Жын-шайтан әзәзәлге ермесін деп,**
**Ырзығым ел үстінде болғаннан соң,**
**Тауышқа ишарат та жетер деген,**
**Жаманға жер жарады Махамбетше,**
**Малталап сөз қадырын езген емен».**

Иә, иә, жетер, Қақбан. Мені несіне торисың. Өзім де торушының бірімін, - деп Махамбетше кірпідей жиырылды. Жұрт жиналып қалған. Базарға шөп, мал әкелген қыр қазақтары арбасының үстінен, аттылары жаяуларды қоршаған көпті дыбысынан сезіп, дәуірлей соқты:

**«... Асып ед әкең Қыдыр Қуандықтан,**
**Кәнікей шыққан мүйіз жуандықтан.**
**Аузыңды аждаһадай ашсаң-дағы,**
**Түйені түгіменнен жұтсаң-дағы,**
**Ақыретке әкетерің үш қабат бөз,**
**Жиғаның қалар бір күн болып тоз-тоз:**
**Шын жыласа көз соқырдан жас тамады,**
**Шын қызса тас та балқып ағады.**
**Шыңына жетпей қызыл тілім тоқтамас,**
**Ерегіссе у шашқан аузымнан кім қағады.**
**Қара есек мінген қара сарт,**
**Қара арғымақ жегіпті.**
**Қағазымды сорған соң,**
**Майға әбден бөгепті.**
**Қойшыны құдай атарда,**
**Шопанға тиер таяғы.**
**Байды құдай атарда,**
**Төбеңе ойнар аяғы.**
**«Кет!» деді-ау, сарт қақсамай!**
**Әдейі іздеп келгенде,**
**Сен де отырсың жақтамай.**
**Бай мен биде қайыр қалмады,**
**Қайтсің Қақбан ел ақтамай».**

Тырысып отырған Махамбетше «Қара сарт» дегенде жараңдап, жымың ете түсті. Ақын Сейіткемелдің Әубәкіріне салып еді тілін. Кейін байыған, кірме ауылдас Әбубәкір ру басы Махамбетшенің сиқымбайымен қырқысып алған жерін, бауыр басқан елін меңгеріп барады. Феодал Махамбетше түгілі Мәскеу шауып жүрген Егордың өзі «Мынау қайтеді?!» дей бастаған. Сондықтан Әбубәкірді мұқатқан әрбір сөз екеуінің қышыған жеріне тиді. Сараң Махамбетше «Бірдеме беріп құтылмаса болмас» деп дамбалдық шөжім бергенде, Егор көйлектік үш кез тізбен берді. Ойында ештеме жоқ бала Абдрақман енді ғана аңғарып «Соқыр ит» деді де үйіне жыламсырай жөнелді. Сары бала бәріне бейтарап. Жиын тараған соң жалғыз қайтты. Ақын сөзі есінлде. Бірнеше шумағын жатқа айтып келеді...»

Республикаға танымалы журналист Ырымқұл Сүлейменов Қызыкең Түсіпов деген кісінің Қақпан туралы айтқан естілген былай деп келтірген: «Мен Қақпанды талай рет көрдім, ел аралап өлең айтып жүруші еді. Хиссаларды көп білетін. «Алпамысты» ұзақ түнге айтып тауса алмайтын. Зейіні күшті, бір естігенін ұмытпайтынды. Қақпан тамаша домбырашы еді. Ол ән де шығарған адам. «Рти-рти» әнін қазір де көп адам айтады». Қақпанның «Ішкенім – айран-шалап, тіккенім – қос» деген өлеңіне байланысты «Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары» деген кітапта мынадай түсінік берілген: «1956 жылы 5 майда Хасен Манкиннен жазылып алынды. Х.Манкин өлеңнің тууы туралы былай дейді: «Ұмытпасам 1905 жылы желтоқсан айында ағылшын байларына қарсы жанжал жасады. Сонда ағылшын байына Нілді болысы Жәкен көмектесіп, қазақтардың қожайындарға қарсы төбелісін қойғызған екен дейді. Сол үшін ағылшыннан көп сыйлық алады. Бір ретте осы маңдағы соқыр Қақпан деген атақты ақын Ақмола жәрмеңкесіне барып жүріп, Майлықұл деген кісінің үйінде Жәкен болыспен қағысып қалады. Сол жерде Жәкен болысқа осылай деп айтып салған екен» Өлең жолдарына назар аударар болсақ Жәкен болыстан басқа Белден деген адамның есімі кездеседі:

**Ішкенім айран-шалап, тіккенім қос,**
**Мал үшін Белденменен болмадым дос.**

Мұндағы Белден ағылшын байының есімі болса керек. Олай дейтін себебіміз осы жинақтың ішіндегі Ілияс Манкиннің «Бір Алла жәрдемші бол, өзің айла» деген өлеңінің соңында:

**Жас бала, қара қазан қамы үшін,**
**Болдық біз ағылшын бай Белденмен қас,** -

деген жолдар бар. Осы түйінге сүйене отырып, біз жоғарыдағыдай пікірге тоқтағанды жөн көрдік.

**Әбдуов Мухаммадғали Ильясұлы,**
***ф.ғ.д., профессор, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың филология факультетінің деканы***

*Рухани жаңғыру*

# ПЕРЕХОД КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА НА ЛАТИНИЦУ, КАК СОСТАВНАЯ ЧАСТЬ МОДЕРНИЗАЦИИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

**Глава государства поручил до конца текущего года принять единый стандарт казахского алфавита в латинской графике, передает Kazpravda.kz.**

В своей статье «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», опубликованной в газете «Егемен Қазақстан», Нурсултан Назарбаев рассказал о планах перехода на латиницу.

Он напомнил, что корни казахского языка тянутся из глубин VI-VII веков (период раннего средневековья). В это время на евразийском пространстве появилась и стала употребляться руническая письменность древних тюрков, известная науке как орхоно-енисейская письменность. В истории человечества это самое древнее письмо. В V-XV веках тюркский язык был языком межнационального общения на большей территории Евразийского континента, отметил Президент и привел пример: все официальные документы Золотой Орды и международная переписка в основном были написаны на средневековом тюркском языке. С принятием населением ислама руническая письменность постепенно была вытеснена, ее место стал занимать распространяющийся арабский язык и арабский алфавит, который использовался на протяжении 900 лет (с X до XX века) на территории нынешнего Казахстана.

В целом, в переходе на латинский алфавит, считает Президент, есть своя глубокая логика: «Она связана с особенностями современной технологической среды, коммуникации, а также научными и образовательными процессами XXI века. В школах дети и так изучают английский язык и латинский алфавит. Поэтому для подрастающего поколения не предвидится никаких трудностей и препятствий».

Время покажет, как наша страна справится со столь сложнейшей, многоаспектной задачей, и будет ли затем наш опыт служить образцом для подражания. Время пролетит быстро, поэтому сроки, отведенные для подготовительного периода нужно максимально эффективно, предельно насыщенно использовать.

**С. Тульчикова,**
***учитель казахского языка и литературы СОШ №1***

| № | Жазылуы | Дыбысталуы | № | Жазылуы | Дыбысталуы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | A a | [а] | 17 | Ń ń | [ң] |
| 2 | Á á | [ә] | 18 | O o | [о] |
| 3 | B b | [б] | 19 | Ó ó | [ө] |
| 4 | D d | [д] | 20 | P p | [п] |
| 5 | E e | [е] | 21 | Q q | [қ] |
| 6 | F f | [ф] | 22 | R r | [р] |
| 7 | G g | [г] | 23 | S s | [с] |
| 8 | Ǵ ǵ | [ғ] | 24 | T t | [т] |
| 9 | H h | [х], [h] | 25 | U u | [ұ] |
| 10 | I i | [і] | 26 | Ú ú | [ү] |
| 11 | I ı | [и], [й] | 27 | V v | [в] |
| 12 | J j | [ж] | 28 | Y y | [ы] |
| 13 | K k | [к] | 29 | Ý ý | [у] |
| 14 | L l | [л] | 30 | Z z | [з] |
| 15 | M m | [м] | 31 | Sh sh | [ш] |
| 16 | N n | [н] | 32 | Ch ch | [ч] |

# ТӨРТІНШІ БАСТАМА: «ШАҒЫН НЕСИЕ БЕРУДІ КӨБЕЙТУ»

Өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындардың арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстардың аясында жеңілдетілген шағын несие беру неғұрлым тиімді тетік саналады.

2017 жылы жалпы сомасы 32 миллиард теңге болатын 7200 шағын несие берілді.

Алайда, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша білім алған тағы 5 мың адам өз ісін бастауға қажетті шағын несиелерді ала алмады.

Сондықтан, 2018 жылы қосымша 20 миллиард теңге бөліп, шағын несиелердің жалпы сомасын 62 миллиард теңгеге жеткізуді тапсырамын.

Нәтижесінде шағын несие алатындардың саны 2017 жылмен салыстырғанда 2 есеге артып, 14 мың адамға жететін болады.

Бұл жұмысты одан кейінгі жылдарда да белсенді жалғастыру керек.

Бастама мыңдаған адамға өз ісін ашуға мүмкіндік беретіндігімен маңызды.

Бұл, әсіресе, ауыл-аймақтар үшін, ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту үшін айрықша маңызды екенін атап өткім келеді.

**http://www.akorda.kz**

# ОЦЕНКА ЗНАЧИМОСТИ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

**«Человеческий капитал становится все более определяющим в свете новых масштабных экономических задач», - заявил президент Казахстана Нурсултан Назарбаев, выступая на Международной научно-практической конференции «Стратегия Казахстан-2030» в действии».**

Возникает необходимость улучшения качества человеческого капитала, его конкурентоспособности и значимости. Инвестициями в человеческий капитал могут быть образование, накопление производственного опыта, охрана здоровья, географическая мобильность, поиск информации. Затраты на его формирование представляют собой инвестиции, поскольку они предполагают перемещение ресурсов из настоящего в будущее: инвестор (например, учащийся) жертвует частью дохода сегодня ради получения более высокого дохода завтра.

**С. Бейскеев,**
***руководитель отдела занятости и СП***

# СОЦИАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

Модернизация – это длительный и сложный процесс, идущий неравномерно в соответствии с историческими и социокультурными условиями становления и развития общества. Каждое общество отличается степенью социально-экономического развития и, соответственно, уровнем модернизированности.

Многие развитые государства объявляют себя социальноориентированными, а это значит, что они и социологоориентированные. Социологию необходимо изучать не только на социологических специальностях, но и на все специальностях университетского образования.

В современной казахстанском обществе возникли новые проблемы гражданского, духовного, нравственного и профессионального становления личности. В этих условиях одной из фундаментальных функций науки является разработка новой парадигмы воспитания для системы социальных институтов, осуществляющих социализацию молодежи.

Демократическое общество предоставляет возможности каждому гражданину для проявления индивидуальности, своей позиции по отношению к различным сторонам общественной и личной жизни. Переходный период ставит перед каждым молодым человеком проблему индивидуального решения собственной жизни, достижения успеха, проявления индивидуальных качеств, раскрытия своей неповторимой индивидуальности.

**Ж. Дулатова,**
***заместитель руководителя отдела внутренней политики, культуры и развития языков***

**ҚР Н.Ә.Назарбаевтың**
**“ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҺАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСІМ, РЕФОРМАЛАР, ДАМЫТУ”**
**атты Қазақстан халқына Жолдау**




**Послание Президента РК Н.А.Назарбаева народу Казахстана**
**“КАЗАХСТАН В НОВОЙ ГЛОБАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ: РОСТ, РЕФОРМЫ, РАЗВИТИЕ”**




# ИНФОРМАЦИЯ О РАБОТЕ ОТДЕЛА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА И СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСКА В РАМКАХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПРОГРАММ ПО ПОДДЕРЖКЕ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В 2017 ГОДУ

В 2017 году отделом предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерска были проведены работы по развитию малого и среднего бизнеса.

С предпринимателями города в течение года были проведены 4 встречи, по разъяснению государственных программ.

В рамках Единой программы «Дорожная карта бизнеса - 2020» КФ АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» проведены экспресс-курсы для предпринимателей города такие как, «Бизнес-советник», «Деловые связи», «Дорожная карта бизнеса 2020», в которых приняло участие 40 предпринимателей города, выданы сертификаты.

В июне 2017 года, в целях развития города в направлении туризма, в лечебно-оздоровительном комплексе «Санаторий Балхаш» был проведен Региональный форум по развитию туризма. Основной задачей Форума являлось привлечение потенциальных инвесторов из соседних городов и областей для развития туристической сферы города.

По результатам проведенных в 2016 и 2017 годах Региональных форумов по развитию туризма, в город были привлечены из городов Алматы и Павлодар 3 предпринимателя, были выделены земельные участки для строительства зон отдыха.

**Единая государственная программа по развитию и поддержке предпринимательства «Дорожная карта бизнеса – 2020»:**

В рамках Единой государственной программы поддержки предпринимательства «Дорожная карта бизнеса – 2020» в 2017 году на Региональном координационном совете были одобрены проекты ТОО «Кайсар» «Расширение услуг по реализации горюче-смазочных материалов», пополнение оборотных средств на сумму 60,0 млн.тенге, а также проект ИП Абильдинова по реконструкции инфраструктуры гостиничного комплекса «Гранит», выделены кредитные средства на сумму 50 млн.тенге через АО «Евразийский банк».

Оба проекта одобрены на субсидирование % - ой ставки и получили кредитные средства на общую сумму 110 млн. тенге. В сравнении с 2016 годом финансирование кредитными средствами выросло на 50,0 млн.тенге.

**Программа «Продуктивная занятость и развитие массового предпринимательства на 2017-2021 годы»:**

По 2-му направлению Программы ми*кро-кредиты получили 13 человек на общую сумму 60,3 млн.тенге, в сравнении с 2016 годом (28,6 млн.тенге) выделение кредитных средств выросло на 31,7 млн.тенге.*

**Государственная политика по развитию агропромышленного комплекса.**

*Из послания Президента Республики Казахстан от 10 января 2018 года:*

***«Умные технологии» – шанс для рывка в развитии агропромышленного комплекса.***

*Аграрная политика должна быть направлена на кардинальное увеличение производительности труда и рост экспорта переработанной сельскохозяйственной продукции.*

На современном этапе развития мировой экономики, важно развитие и внедрение передовых технологий в сельское хозяйство. Наша страна обладает бесценными природными ресурсами, может стать одним из лидеров в производстве сельскохозяйственной продукции. Как известно одной из глобальных угроз в ближайшем будущем является продовольственный кризис. Следует уже сегодня задуматься, о том что мы можем предложить мировому сообществу по данному вопросу. У нашей страны есть огромный потенциал в развитии агропромышленного комплекса и транзитные возможности. Государственная политика с обретением Независимости направлена на повышение благосостояния и стабильности гражданского общества путем разработки и реализации государственных программ в сфере промышленности, бизнеса, сельского хозяйства и других не менее важных отраслей экономики.

В свете Послания народу Республики Казахстан, Елбасы обосновано и четко поставил задачи по развитию агропромышленного комплекса и внедрению в данной отрасли «умных технологий».

**Умные технологии** – это во-первых рациональный подход к решению хозяйственных вопросов с применением цифровых технологий, во-вторых создание крупных современных переабатывающих комплексов, в-третьих развитая транспортно-логистическая инфраструктура, в четвертых складирование и хранение готовой продукции, в пятых кооперация мелких фермерских хозяйств в более крупные хозяйства, с целью производства экологически чистой и конкурентной продукции. Реализация этой задачи требует высококвалифицированных работников, новую технику, новые технологии. На основе имеющейся научной базы в сфере растениеводства, животноводства, почвоведения и мелиорации, с учетом мирового опыта необходимо активно использовать все возможности нашего государства в деле развития агропромышленного комплекса. Всемерная поддержка и развитие сельского хозяйства - это залог продовольственной безопасности нашего государства, востребованность на мировом продовольственном рынке. Развитой агропромышленный комплекс даст возможность повысить уровень жизни сельского населения в несколько раз, скажеться на оттоке молодежи из сельских округов, создаст новые рабочие места, новые специальности и возможности создания собственного бизнеса.

**А. Жусипов,**
***руководитель отдела предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск***

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

ЖОБА

# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес Приозерск қаласында кәсіпкерлікті дамыту және қолдау мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу, ынталандыру және қолайлы бизнес-ортаны құру және бастаманы ынталандыру мақсатында, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31 және 37 баптарды басшылыққа алып, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Приозерск қаласының әкімдігі жанынан Приозерск қаласының кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Кеңесі осы қаулысының 1-қосымшасына сәйкес құрылсын.

2.Приозерск қаласының кәсіпкерлігін дамыту жөніндегі Кеңестің Ережесі Осы қаулысының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3.Приозерск қаласының кәсіпкерлікті дамыту Кеңесінің құрамы Приозерск қаласының қалалық мәслихатының сессиясына бекітілуге ұсынылсын.

4.Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Д.Ш. Саденовқа жүктелсін.

**Приозерск қаласының әкімі Қ. Қамзин**

Приозерск қаласы
2018 ж «__»________
№ _________________
әкімдігінің қаулысына
1-қосымша

# ПРИОЗЕРСК КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

1.Қамзин Қайрат Амангелдыұлы - Приозерск қаласының әкімі, Кеңесінің төрағасы

2.Сәденов Дастан Шуғайұлы -Приозерск қаласының әкімінің орынбасары, Кеңесінің төрағасының орынбасары

Кеңесінің мүшелері:

1.Жүсіпов Ахан Жармаханұлы - «Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы

2.Көбенов Өзкен Шипанбайұлы - жеке кәсіпкер, Приозерск қалалық кәсіпкерлер ассоциациясының төрағасы (келісім бойынша)

3.Нарымбетов Мұратбай Енсейтбайұлы - жеке кәсіпкер, Приозерск қаласының Қоғамдық кеңесінің мүшесі (келісім бойынша)

4.Қарабалаев Талғат Әлімжанұлы - «Ер-Тай» ЖШС-ің Приозерск кен-байыту фабрикасының директоры (келісім бойынша)

5.Шалғынбаев Азамат Бауыржанұлы - Қарағанды облысы бойынша «Атамекен» Ұлттық Палатасы Приозерск филиалының директоры (келісім бойынша)

6.Касимкина Ирина Николаевна - жеке кәсіпкер, «Атамекен» Ұлттық Палатасының мүшесі (келісім бойынша)

7.Григорьева Ирина Алексеевнажеке кәсіпкер, «Атамекен» Ұлттық Палатасының Приозерск филиалының жанындағы қалалық кәсіпкерлер Кеңесінің төрайымы (келісім бойынша).

Приозерск қаласы
2018 ж «__»________
№ _________________
әкімдігінің қаулысына
2-қосымша

# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

## 1. Жалпы ережелер

1.Приозерск қаласының кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Кеңес ( бұдан әрі - Кеңес) Приозерск қаласының әкімдігі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады, бастамаларын ынталандыруға және кәсіпкерлік қызмет үшін қолайлы жағдай жасау, сонымен бірге қалада кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау мәселелеріне қатысты ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылған.

2.Кеңес өз қызметінде Конституция мен Қазақстан Республикасының заңдарын, Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы қызметті реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін және осы Ережені басшылыққа алады.

## 2. Кеңестің негізгі міндеттері мен функциялары

3. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) бизнестің дамуына кедергі келтіретін проблемаларды зерттеу;

2) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің шараларын жүзеге асыруға жәрдемдесу;

кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу;

кәсіпкерлік мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдарға ұсыныстар дайындау;

салық заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

кәсіпкерлікті қаржылық, несие және инвестициялық қолдау жүйесін дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

(соңы 5 бет.)

ПРОЕКТ

# О СОЗДАНИИ СОВЕТА ПО РАЗВИТИЮ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

В соответствии с Предпринимательским Кодексом Республики Казахстан от 29 октября 2015 года в целях развития, стимулирования инициативы и создания благоприятной среды предпринимательской деятельности, а также выработки предложений по вопросам развития и поддержки предпринимательства в городе Приозерск, руководствуясь статьями 31, 37 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Создать при акимате города Приозерск Совет по развитию предпринимательства города Приозерск в составе согласно приложению 1 к настоящему постановлению.

2. Утвердить Положение Совета по развитию предпринимательства города Приозерск, согласно приложению 2 к настоящему постановлению.

3. Внести состав Совета по развитию предпринимательства города Приозерск на утверждение сессии Приозерского городского маслихата.

4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Приозерск Саденова Д.Ш.

**Аким города Приозерск К. Камзин**

Приложение 1
к постановлению акимата
города Приозерск
от «__» ___________2018 года
№________

# СОСТАВ СОВЕТА ПО РАЗВИТИЮ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

1.Камзин Кайрат Амангельдиевич -аким города Приозерск, председатель Совета

2.Саденов Дастан Шугаевич -заместитель акима города Приозерск, заместитель председателя Совета.

Члены Совета:

1.Жусипов Ахан Жармаханович - руководитель государственного учреждения «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск»

2.Кобенов Озькен Шипанбаевич - индивидуальный предприниматель, председатель Приозерской городской ассоциации предприниамателей (по согласованию)

3.Нарымбетов Муратбай Енсейтбаевич - индивидуальный предприниматель, член Общественного совета города Приозерск (по согласованию)

4.Карабалаев Талгат Алимжанович - директор Приозерской горно-обогатительной фабрики ТОО «Ер-Тай» (по согласованию)

5.Чалгинбаев Азамат Бауыржанович - директор Приозерского филиала Палаты предпринимателей Карагандинской области (по согласованию)

6.Касимкина Ирина Николаевна - индивидуальный предприниматель, член Ассоциации предпринимателей Карагандинской области (по согласованию)

7.Григорьева Ирина Алексеевна - индивидуальный предприниматель (по согласованию).

Приложение 2
к постановлению акимата
города Приозерск
от «__» ___________2018 года
№_________________________

# ПОЛОЖЕНИЕ О СОВЕТЕ ПО РАЗВИТИЮ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

## 1. Общие положения

1. Совет по развитию предпринимательства города Приозерск ( далее- Совет) является консультативно-совещательным органом при акимате города Приозерск и создан в целях развития, стимулирования инициативы и создания благоприятной среды предпринимательской деятельности, а также выработки предложений по вопросам развития и поддержки предпринимательства в городе.

2. Совет в своей деятельности руководствуется Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, регулирующими деятельность в сфере предпринимательства, а также настоящим Положением.

## 2. Основные задачи и функции Совета

3. Основными задачами Совета являются:

1) изучение проблем, препятствующих развитию бизнеса;

2) содействие в осуществлении мероприятий по реализации Предпринимательского Кодекса Республики Казахстан от 29 октября 2015 года;

разработка предложений, направленных на поддержку и развитие предпринимательства;

подготовка рекомендаций для местных исполнительных органов по вопросам в области предпринимательства;

разработка рекомендаций по вопросам совершенствования налогового законодательства;

разработка предложений по развитию системы финансово-кредитной и инвестиционной

(окончание на стр.5)

**ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ**

# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

*(соңы. басы 4 бет.)*

әкімшілік рәсімдерді оңайлату жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысу;
инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу;

9) кәсіпкерлікті қолдауға арналған инфрақұрылымды дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

10) қоғамдық кәсіпкерлер ұйымдарының конструктивті бастамаларын қолдау, экономикасы дамыған аймақты құру және қаланың азаматтарының әл-ауқатын арттыруда әрбір кәсіпкердің белсенді өмірлік жағдайын насихаттау;

11) кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі мақсатты бағдарламалар мен жобаларды дамытуға, үйлестіруге және іске асыруға жәрдемдесу.

4. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды атқарады:

1) кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге, келісуге және іске асыруға қатысады;

2) кәсіпкерлік субъектілерін, бірлестіктерін, кәсіподақтарын және қауымдастықтарын оларды іске асыруға тарту арқылы қаланың өзекті және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге қатысады;

3) халықаралық және отандық қаржы институттарымен, басқа да ұйымдармен кәсіпкерлікті қаржылық, техникалық және консультативтік көмек көрсетуге ынтымақтасады;

4) кәсіпкерлікті қолдауға арналған инфрақұрылымды қалыптастыруда және тұрақтандыру бойынша қолдау мен көмек көрсетеді;

5) салалық, кәсіби және аймақтық кәсіподақтармен, шағын және орта бизнес қауымдастықтары және бірлестіктерімен, басқа да кәсіпкерлік құрылымдармен өзара әрекеттеседі;

6) уәкілетті мемлекеттік органмен, сондай-ақ шағын және орта бизнеске қолдау көрсететін басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылдың келісілген шешімдерін әзірлеу және кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру;

7) тиісті мемлекеттік органдар өкілдерінің, кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарының, сондай-ақ кәсіпкерлердің қатысуымен тақырыптық кездесулер өткізеді.

### 3. Кеңестің құқықтары

5. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Кеңес өзінің құзыреті шегіндегі құқығы аясында:

1) қала кәсіпкерлікті дамыту және қолдау мәселелері бойынша тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстарды қарастыруға жолдайды;

2) мүдделі мемлекеттік органдар мен консультанттарды Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелерді шешу бойынша жұмылдырады;

3) Кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан, департаменттерден және ұйымдардан қажетті ақпаратты сұратуға;

4) Кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Кеңес мүшелерінің, мемлекеттік органдардың жауапты өкілдерінің және басқа да ұйымдардың отырыстарында ақпараттарды тыңдау;

5) жұмыс топтарын құру;

6) Кеңеске қажетті жүктелген міндеттерді орындау үшін басқа құқықтарды атқару.

### 4. Кеңестің қызметін ұйымдастыру туралы

6. Кеңестің төрағасы – Приозерск қаласының әкімі.

7. Комиссия келесі өкілдерінен тұрады:

1) мемлекеттік органдар
2) кәсіпкерлік қауымдастықтар
3) қалалық кәсіпкерлер.

8. Кеңестің жұмыс органының функциялары «Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелді;

9. Кеңестің жұмыс органы:

1) қажет болған жағдайда Кеңестің отырысына шақырады;
2) Кеңестің күн тәртібін қалыптастырады;
3) Кеңестің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және қадағалайды;
4) Кеңес мүшелерінің және оның қызметіне тартылған мамандардың жұмысын үйлестіреді.

10. Кеңестің отырыстарында қарауға жататын мәселелер тізбесін қажет болғанда үйлестіріп және оларды төрағалық етуші бекітеді.

11. Бекітілген тізімге сәйкес Кеңес мүшелеріне жіберіледі.

12. Кеңес мәжілісінің қорытындысы бойынша хаттама жасалады, оған Кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды. Кеңестің шешімдері ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілікпен қабылданады және Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданған жағдайда қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етуші дауыс берген шешім қабылданады.

13. Кеңестің шешімі кеңестік сипаттама болып табылады.

14. Кеңестің мүшелері, ерекше пікірге ие болған жағдайда, егер ол ресми түрде айтылса, оны жазбаша түрде баяндап, оны Кеңестің отырысының хаттамасына қосмышалау міндетті.

15. Кеңестің мәжілістері қажет болғанда, бірақ тоқсандық ішінде бір реттен кем емес және төраға шақыруымен жүргізіледі. Шұғыл шешімді қабылдау қажет болған жағдайда, төрағаның шақыруымен Кеңестің кезектен тыс отырысын өткізуге болады.

16. Кеңестің отырыстарына мүдделі мемлекеттік органдардың басшылары, басқа да лауазымды тұлғалары, кәсіпкерлер және олардың қоғамдық ұйымдарының өкілдері қатыса алады.

# ПОЛОЖЕНИЕ О СОВЕТЕ ПО РАЗВИТИЮ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

*(окончание. начало на стр.4)*

поддержки предпринимательства;

принятие участия в разработке предложений по упрощению административных процедур;

содействие развитию инновационного предпринимательства;

9) выработка рекомендаций по развитию инфраструктуры поддержки предпринимательства;

10) поддержка конструктиных инициатив общественных организаций предпринимателей, пропаганда активной жизненной позиции каждого предпринимателя в создании экономически развитого региона и повышение благосостояния граждан города;

11) содействие в разработке, координации и реализации целевых программ и проектов по поддержке и развитию предпринимательства.

4. Совет, в соответствии с возложенными на него задачами, осуществляет следующие функции:

1) участвует в разработке, обеспечении координации и реализации государственных программ развития и поддержки предпринимательства;

2) участвует в разработке программ, направленных на решение актуальных и социально-экономических проблем города, с привлечением к их реализации субъектов предпринимательства, их объединений, союзов и ассоциаций;

3) взаимодействует с международными и отечественными финансовыми институтами, другими организациями в вопросах оказания финансовой, технической и консультативной помощи предпринимательству;

4) оказывает поддержку и помощь в формировании и становлении инфраструктуры поддержки предпринимательства;

5) взаимодействует с отраслевыми, профессиональными и территориальными союзами, ассоциациями и объединениями малого и среднего бизнеса, другими предпринимательскими структурами;

6) осуществляет взаимодействие с уполномоченным государственным органом, а также с другими государственными органами, осуществляющими поддержку малого и среднего бизнеса для выработки согласованных решений и совершенствования государственной политики в области предпринимательства;

7) проводит тематические заседания с участием на них представителей соответствующих государственных органов, общественных организаций предпринимателей, а также самих предпринимателей.

### 3. Права Совета

5. Совет по развитию предпринимательства имеет право в пределах своей компетенции:

1) вносит на рассмотрения соответствующих государственных органов предложения по вопросам развития и поддержки предпринимательства города ;

2) привлекать к своей работе заинтересованных государственных органов, консультантов для решения вопросов, входящих в компетенцию Совета;

3) запрашивать необходимую информацию у государственных органов, ведомств и организаций по вопросам, относящимся к компетенции Совета;

4) заслушивать на заседаниях членов Совета, ответственных представителей государственных органов и иных организаций по вопросам, относящимся к ведению Совета;

5) создавать рабочие группы;

6) осуществлять иные права, необходимые для осуществления возложенных на Совет задач.

### 4. Организация деятельности Совета

6. Совет возглавляет председатель –аким города Приозерск.

7. В состав Комиссии входят представители:

1) государственных органов,
2) объединений предпринимательства,
3) предприниматели города.

8. Функции рабочего органа Совета возлагаются на государственное учреждение «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск»;

9. Рабочий орган Совета:

1) созывает при необходимости заседания Совета,
2) формирует повестку дня заседания Совета;
3) обеспечивает и контролирует выполнение решений Совета;
4) координирует работу членов Совета и привлеченных к ее деятельности специалистов.

10. Перечень вопросов для рассмотрения на заседаниях Совета составляет по мере необходимости и утверждается председателем.

11. Утвержденный перечень рассылается членам Совета по списку.

12. По результатам заседаний Совета составляется протокол, который подписывается председателем и секретарем Совета. Решения Совета принимаются простым большинством путем открытого голосования и считаются принятыми, если за них подано большинство голосов от общего числа членов Совета. В случае равенства голосов принятым считается решение, за которое проголосовал председатель.

13. Решение Совета носит рекомендательный характер.

14. Члены Совета, имеющее особое мнение, в случае его официального выражения, должен изложить его в письменном виде и приложить к протоколу заседания Совета.

15. Заседания Совета проводятся по мере необходимости, но не реже одного раза в квартал и созываются председателем. В случаях, когда необходимо принятие срочного решения возможно проведение внеочередного заседания Совета по созыву председателя.

16. На заседаниях Совета могут присутствовать также руководители и другие должностные лица заинтересованных государственных органов, предприниматели и представители их общественных организаций.


**ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЕ *** ХАБАРЛАНДЫРУ**

**КГП «УЖКР» города Приозерск уведомляет население города о проведении 27 апреля 2018 года общественных слушаний о проведенных работах за 2017 год, которые пройдут в КГКП «Центр детско-юношеского товарищества «Достык»» по адресу: ул. Космонавтов-2.**

**КГП “УЖКР”**

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

# БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫ ЖӘНЕ ШЕШІМ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

**2018 жылғы 27 ақпан № 08/03 және**

# ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ

**2018 жылғы 29 наурыз № 08/03**

**XIV- сессия**

**Қарағанды облысы Әділет департаментінде нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2018 жылғы 10 ақпанданда № 4692 болып енгізілген**

## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ КЕЙБІР ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ БІРЛІКТЕРІ МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІНЕ АТАУ БЕРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА АТАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 27 қарашадағы, Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы және 2018 жылғы 7 ақпандағы  қорытындылары негізінде Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қарағанды облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1.Нұра ауданының келесі ауылдық округтері:

Захар ауылдық округі – Ақмешіт ауылдық округі;

Новокарповка ауылдық округі – Байтуған ауылдық округі;

Энтузиаст ауылдық округі – Ахмет ауылдық округі;

Черниговский ауылдық округі – Көбетей ауылдық округі деп қайта аталсын.

2.Шет ауданы Көктіңкөлі ауылдық округінің Целинное ауылы Ақжол ауылы деп қайта аталсын.

3.Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданының шағын аудандарына және көшесіне келесі атаулар:

1)Бауыржан Момышұлы көшесінің оңтүстік-шығысына, Тәттімбет көшесінің оңтүстік-батысына, Республика даңғылының солтүстік-шығысына, Кеншілер даңғылының солтүстік-батысына қарай орналасқан, жаңадан тұрғызылған шағын ауданға – Бәйкен Әшімовтің есімі;

2)Гапеев көшесі мен Спасск тас жолының шығысына, Бұқар жырау ауданының Үштөбе селолық округі аумағының батысына қарай орналасқан, атауы жоқ шағын ауданға – «Күнгей» атауы;

3)Тәттімбет көшесінің шығысына, Кеншілер даңғылының оңтүстік-шығысына, Бұқар жырау ауданының Үштөбе селолық округі аумағының солтүстік-батысына қарай орналасқан, жаңадан тұрғызылған шағын ауданға – «Таугүл» атауы;

4)Республика даңғылының шығысына, Штурманская көшесінің оңтүстігіне, Тәттімбет көшесінің батысына қарай орналасқан, жаңадан тұрғызылған шағын ауданға – «Алтын арқа» атауы;

5)Республика даңғылының оңтүстік-батысына, Кувская көшесінің оңтүстік-шығысына, Волочаевская көшесінің солтүстік-батысына қарай орналасқан, жаңадан тұрғызылған шағын ауданға – «Оазис» атауы;

6)Ермеков көшесінің оңтүстік-шығысына, Крамской көшесінің солтүстік-шығысына, «Қарағанды-Пассажирская – Қарағанөзек» аралығының солтүстік-батысына қарай орналасқан, жаңадан тұрғызылған шағын ауданға – «Астана» атауы;

7)Гудермесская көшесінің оңтүстік-шығысына, Бауыржан Момышұлы көшесінің солтүстік-батысына, Республика даңғылының солтүстік- шығысына қарай орналасқан, жаңадан тұрғызылған шағын ауданға – «Шапағат» атауы;

8)Тәттімбет көшесінің шығысына, Кеншілер даңғылының оңтүстік-шығысына, Бұқар жырау ауданының Үштөбе селолық округі аумағының солтүстік-батысына қарай орналасқан, жаңадан тұрғызылған шағын ауданның 1-ші көшесіне – Жантөре Әбішевтің есімі берілсін.

4.Сәтбаев қаласының келесі көшелері:

Комаров көшесі – Мәңгілік Ел көшесі;

Первостроителей көшесі – Алаш көшесі деп қайта аталсын.

5.Приозерск қаласының келесі көшелері:

Береговая  көшесі – Бастау көшесі;

Весеняя көшесі – Сарыарқа көшесі;

Озерная көшесі – Алаш көшесі;

Лесная көшесі – Ынтымақ көшесі;

Строительная көшесі – Бірлік көшесі;

Госпитальная көшесі – Таңшолпан көшесі;

Комсомольская көшесі – Тұмар көшесі;

Полевая көшесі – Шұғыла көшесі;

Производственная көшесі – Керуен көшесі;

Промышленная көшесі – Тұран көшесі;

Хозяйственная көшесі – Қайнар көшесі деп қайта аталсын.

6.Осы Қарағанды облысы әкімдігінің және Қарағанды облыстық мәслихатының бірлескен қаулысы және шешімінің орындалуын бақылау Қарағанды облысы әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына және Қарағанды облыстық мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына (С.М.Әдекенов) жүктелсін.

7.Осы Қарағанды облысы әкімдігінің және Қарағанды облыстық мәслихатының бірлескен қаулысы және шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қарағанды облысының әкімі** **Е. Қошанов**

**Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының төрағасы** **М. Ибатов**

**Қарағандыоблыстық мәслихатының хатшысы** **С. Өтешов**

***

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# СОВМЕСТНОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ И РЕШЕНИЕ АКИМАТА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**от 27 февраля 2018 года №08/03 и**

# КАРАГАНДИНСКОГО ОБЛАСТНОГО МАСЛИХАТА

**от 29 марта 2018 года № 297**

**XIV- сессия**

**Зарегистрировано в Департаменте юстиции Карагандинской области в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 4692 от 10 апреля 2018 года.**

## О НАИМЕНОВАНИИ И ПЕРЕИМЕНОВАНИИ НЕКОТОРЫХ АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНЫХ ЕДИНИЦ И СОСТАВНЫХ ЧАСТЕЙ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В соответствии с законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», на основании заключений Республиканской ономастической комиссии при Правительстве Республики Казахстан от 27 ноября 2017 года, областной ономастической комиссии при акимате Карагандинской области от 6 декабря 2017 года и от 7 февраля 2018 года, акимат Карагандинской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ** и Карагандинский областной маслихат **РЕШИЛ:**

1.Переименовать следующие сельские округа Нуринского района:

Захаровский сельский округ  – в Акмешитский сельский округ;

Новокарповский сельский округ  – в Байтуганский сельский округ;

Энтузиастский сельский округ  – в Ахметский сельский округ;

Черниговский сельский округ – в Кобетейский сельский округ.

2.Переименовать село Целинное Коктенкольского сельского округа Шетского района в село Акжол.

3.Присвоить следующие наименования микрорайонам и улице района имени Казыбек би города Караганды:

1)вновь построенному микрорайону, расположенному юго-восточнее улицы Бауыржана Момышулы, юго-западнее улицы Таттимбета, северо-восточнее проспекта Республики, северо-западнее проспекта Шахтеров, – имя Байкена Ашимова;

2)безымянному микрорайону, расположенному восточнее улицы Гапеева и Спасского шоссе, западнее территории Уштобинского сельского округа  Бухар-Жырауского района, – наименование «Кунгей»;

3)вновь построенному микрорайону, расположенному восточнее улицы Таттимбета, юго-восточнее проспекта Шахтеров, северо-западнее территории Уштобинского сельского округа Бухар-Жырауского района, – наименование «Таугуль»;

4)вновь построенному микрорайону, расположенному восточнее проспекта Республики, южнее улицы Штурманская, западнее улицы  Таттимбета, – наименование «Алтын арка»;

5)вновь построенному микрорайону, расположенному юго-западнее проспекта Республики, юго-восточнее улицы Кувская, северо-западнее улицы Волочаевская, – наименование «Оазис»;

6)вновь построенному микрорайону, расположенному юго-восточнее улицы Ермекова, северо-восточнее улицы Крамского, северо-западнее перегона «Караганда-Пассажирская – Караганозек», – наименование «Астана»;

7)вновь построенному микрорайону, расположенному юго-восточнее улицы Гудермесская, северо-западнее улицы Бауыржана Момышулы, северо-восточнее проспекта Республики, – наименование «Шапагат»;

8)1-ой улице вновь построенного микрорайона, расположенного восточнее улицы Таттимбета, юго-восточнее проспекта Шахтеров, северо-западнее территории Уштобинского сельского округа Бухар-Жырауского района, – имя Жанторе Абишева.

4.Переименовать следующие улицы города Сатпаев:

улицу Комарова – в улицу Мәңгілік Ел;

улицу Первостроителей – в улицу Алаш.

5.Переименовать следующие улицы города Приозерск:

улицу Береговая – в улицу Бастау;

улицу Весенняя – в улицу Сарыарка;

улицу Озерная – в улицу Алаш;

улицу Лесная – в улицу Ынтымак;

улицу Строительная – в улицу Бирлик;

улицу Госпитальная – в улицу Таншолпан;

улицу Комсомольская – в улицу Тумар;

улицу Полевая – в улицу Шугыла;

улицу Производственная – в улицу Керуен;

улицу Промышленная – в улицу Туран;

улицу Хозяйственная – в улицу Қайнар.

6.Контроль за исполнением настоящего совместного постановления акимата Карагандинской области и решения Карагандинского  областного маслихата возложить на курирующего заместителя акима Карагандинской области и постоянную комиссию Карагандинского областного маслихата по вопросам социально-культурного развития и социальной защите населения (С.М. Адекенов).

7.Настоящее совместное постановление акимата Карагандинской области и решение Карагандинского областного маслихата вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня их первого официального опубликования.

**Аким Карагандинской области** **Е. Кошанов**

**Председатель сессии Карагандинского областного маслихата** **М. Ибатов**

**Секретарь Карагандинского областного маслихата** **С. Утешов**

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯ БӨЛІМІ ММ-СІНДЕ» КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

**2013 жылғы 15 сәуірдегі №88 V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы №7-1/418 бұйрығына сәйкес, бөлімде барлығы 5 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.**

Барлық қызметтер **www.e-gov.kz** «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы немесе қағаз түрінде. Мемлекеттік қызметтердің 3 түрі ветеринария бөлімі арқылы оның ішінде:

1.Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау **бір күн ішінде өткізіледі, екі кезеңнен тұрады: тестілеу және әңгімелесу;**

2.Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру құжаттар топтамасын тап-сырған күннен бастап – **5 (бес) жұмыс күн ішінде**, мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына сәйкес **ақылы түрде (ветеринариялық-санитариялық қорытынды бланкісі үшін) көрсетіледі.**

3.Жануарларды өсіруді, жануарларды союға дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және сатуды жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жем және жемазық қоспаларын өндіру, сақтау және сату бойынша өндіріс объектілеріне тіркеу нөмірлерін беру көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығы тексеріліп, өтінішпен бірге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – **7 (жеті) жұмыс күн ішінде және тегін көрсетіледі.**

**Приозерск қалалық ветеринариялық станциясы КМК-ны мемлекеттік қызметтін 2 түрін көрсетеді:**

1.Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу көрсетілетін қызметті алушы өтінішпен бірге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу сәтіне дейін белгіленген кесте бойынша **тегін көрсетіледі;**

2.Ветеринариялық анықтамалар беру. көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге өтінішпен бірге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап 1 (бір) **күн ішінде тегін көрсетіледі.**

Ветеринария бөлімінде қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсетілу үшін қажетті жағдай жасалған;

- көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді жоғарлату мақсатында, бекітілген мемелекеттік қызмет көрсету стандарттары, регламенттері, өтініш үлгілері және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің инфографикасы және басқада пайдалы кеңестер бөлімнің ақпарат тақтасында ілінген;

- қызмет алатын тұтынушыларға өтініш, шағым жәшігі қойылған және құжаттарды толтыруға, күтіп отыруға арналған құрал жабдықтармен қамтылған және мүмкіндігі шектеулі жандарға кедергісіз мемлекеттік қызметтерді алу үшін шақыру түймесі орналастырылған.

Бөлімнің **ресми сайтында www.ov-priozersk.kz** веб сайтынан көрсетілетін мемлекеттік қызметке байланысты толық ақпарат орналыстырылған және мемлекеттік қызметтің нәтижесі туралы есебі жылына 1 рет бөлімнің веб сайтына салынады.

2018 жылғы 1 тоқсанда ветеринария бөлімі мамандарының ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығы жануарлары иелерінің қатысуымен және КМК "Приозерск қалалық ветеринариялық станциясы" КМК–ны бірлесіп мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттары мен регламенттері талаптарының бұзылуына жол бермеу бойынша шаралар қабылдау мәселелері туралы бөлімде 1 құқықтық оқыту сабағы өткізілді. Сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсету регламентеріне сәйкес жеке және заңды тұлғалар өтініштерді электронды түрінде жіберу мәселесі бойынша бөлімде 1 рет отырыс өткізіліп хаттамамен бекітілді.

Көрсетілетін мемлекеттік қызмет уақытылы және сапалы атқарылуда, көрсетілген қызметтің нәтижесі және есебі туралы ақпарат қағаз және электронды түрде, Қарағанды облысының ветеринария басқармасына және Приозерск қаласының әкімдігіне ай сайын және тоқсан сайын ұсынылуда.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін орналастырылған өтініш шағым жәшігіне тұтынушылар тарапынан көрсетілген қызметке арыз шағым түскен жоқ.

**Аталған қызметтер бойынша толық ақпараттар Приозерск қаласының ветеринария бөлімі ММ-нің ресми www.ov-priozersk.kz веб сайтынан алуға болады.**

**Анықтама үшін сенім телефондары: 52531; 53567.**

**Ж.Қасымбаева.,**
***ветеринария бөлімі басшысының м.а***

# ИНФОРМАЦИЯ ОБ ОКАЗАНИИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ В « ГУ ОТДЕЛЕ ВЕТЕРИНАРИИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»

**В соответствии с Законом Республики Казахстан от 15 апреля 2013 года «О государственных услугах», приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан 6 мая 2015 года № 7-1/418 Об утверждении стандартов государственных услуг в сфере ветеринарии, в отделе оказываются 5 видов государственных услуг.**

Все государственные услуги оказываются через веб-портал «электронное правительство» **www.e-gov.kz** и в бумажном виде.

3 вида государственных услуг оказываются через отдел ветеринарии города Приозерск, в том числе:

1.Аттестация физических и юридических лиц, осуществляющих предпринимательскую деятельность в области ветеринарии – в течении дня, аттестация состоит из двух этапов: тестирования и собеседования, которые проводятся в один день, услуга оказывается бесплатно;

2.Выдача ветеринарно-санитарного заключения на объекты государственного ветеринарно-санитарного контроля и надзора - со дня сдачи пакета документов услугополучателем услугодателю или на портал – в течении 5 (пяти) рабочих дней, государственная услуга оказывается платно физическим и юридическим лицам, в соответствии с подпунктом 6) пункта 2 статьи 35 Закона Республики Казахстан от 10 июля 2002 года «О ветеринарии» (за бланк ветеринарно-санитарного заключения);

3.Присвоение учетных номеров объектам производства, осуществляющим выращивание животных, заготовку (убой), хранение, переработку и реализацию животных, продукции и сырья животного происхождения, а также организациям по производству, хранению и реализации ветеринарных препаратов, кормов и кормовых добавок - со дня сдачи пакета документов услугополучателем услугодателю или на портал: в течении 7 (семи) дней, услуга бесплатная;

КГП «Приозерская городская ветеринарная станция» оказывает 2 вида государственных услуг:

Проведение идентификации сельскохозяйственных животных, с выдачей ветеринарного паспорта - со дня сдачи пакета документов услугополучателем и до момента получения результата оказания государственной услуги – осуществляется согласно срокам ее проведения, услуга бесплатная;

Выдача ветеринарной справки - со дня сдачи пакета документов услугополучателем услугодателю оказывается в течение дня обращения, **услуга бесплатная.**

В отделе ветеринарии на информационном стенде размещены утвержденные стандарты, регламенты, образцы заявлений, инфографика для получения государственных услуг и другая полезная информация.

-для потребителей государственных услуг оборудовано место ожидания, оснащенное необходимым оборудованием, также установлены ящики для жалоб и предложений, для беспрепятственного получения государственных услуг услугополучателями с ограниченными возможностями, установлена кнопка вызова для инвалидов.

На официальном сайте отдела **www. ov-priozersk.kz** размещена необходимая информация по оказанию государственных услуг, а также отчеты по оказанным услугам размещаются 1 раза в год.

2018 году за 1 квартал специалистами отдела ветеринарии совместно с владелцами с/х животных, также КГП «Приозерская городская ветеринарная станция» проведен 1 правовой всеобуч **по** вопросам недопущения нарушений требований стандартов и регламентов оказания государственных услуг в государственном учреждении, а также было проведено 1 совещания по вопросам получения государсвенных услуг, где были даны разъяснения подачи заявлений физическими и юридическими лицами в электронном виде.

Государственные услуги предоставляются отделом качественно и своевременно в электронном и бумажном виде, отчеты по результатм оказанных государственных услуг ежемесячно и ежеквартально предоставляются в управление ветеринарии Карагандинской области и акимат города.

За период оказания государственных услуг со стороны услугополучателей предложений и жалоб не поступало.

**Полную информацию по оказанию государственных услуг можно получить на официальном сайте ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск» www.ov-priozersk.kz.**

**За справками просим обращаться по телефонам: 5-25-31, 5-35-67.**

**Ж.Касымбаева,**
***И.о. руководителя отдела ветеринарии***

# АГРОНОМ КЕҢЕСІ

Көктемнің алғашқы айларында әдетте жеміс ағаштары мен көкөністердің түрлерін еге бастаймыз. Өсімдіктерді түрлі әдістермен егуге болатыны баршаға мәлім. Бірақ біздің өңір үшін анағұрлым қолайлы болатын егу тәсілі арнайы ылғалды жер қалыптастыру. Ағаштарды отырғызбас бұрын алдын-ала топырақты дайындап алу керек.

Топырақты ауыстыру немесе бар топырақты пайдалану кезінде өсімдіктің бой алып кетуіне жағдай жасау үшін мынадай әдістерді қолдануға болады. Тереңдігі 80-100 см болатын отырғызылатын шұңқыр қазылады. Содан кейін шұңқырға 3:1 есебімен көң араластырылған топырақ себеді. Қоспа үшін шіріп біткен көңді пайдаланған маңызды. Әдетте мұндай ұнтақталған көңнің иісі болмайды. Егер көң ескі болмаса, оны топырақпен араластырып, бірнеше ай қойған дұрыс. Топырақтың дренаждық қасиетін жақсарту үшін азғана ірі түйіршікті құм немесе құрамында тұзы аз «ПГС» топырағын (арнайы тыңайтқыш) қосуға болады. Отырғызатын шұңқырға топырақты сепкеннен кейін, оны суға толтыра алу үшін отырғызылатын шұңқыр көлеміндей қуыс жасалады. Жасалған қуыстарды кем дегенде 30-45 күн суару керек. Топырақты дайындау мерзімі неғұрлым ұзақ болған сайын, оның қасиеті де соғұрлым жақсарады. Суаруды күн сайын емес, отырғызатын қуыстағы топырақ-тың кебуіне қарай суарады. Осылайша, уақыт өте келе топырақтың қасиеті өзгереді.

Отырғызу үшін биіктігі 1,2-1,5 м болатын жас (2-3 жылдық) ағаштарды таңдаған жөн. Осындай өсімдіктердің жерсіну ықтималдығы көп жылғы өсімдікке қарағанда анағұрлым жоғары болады.

Өсімдікті отырғызу – істің жартысы ғана. Енді оған күтім жасау керек. Суаруға қолайлы болу үшін суару қуысын (ағаш діңінің айналасына) жасау керек. Суару ағаш діңінің айналасындағы топырақтың кебуіне қарай жүзеге асырылады. Суару жиілігі мен мөлшері ауа-райына байланысты анықталады. Ағаш отырғызылғаннан кейінгі алғашқы жылы тек органикалық тыңайтқыштарды ғана пайдаланған дұрыс. Ал минералдарды келер жылдары қосуға болады. Суарудан басқа өсімдікті байлау (тамыр жүйесін нығайту және желді күні қорғау үшін), жабындау (ағаш діңінің айналасында ылғалды ұстап тұру, тамыр жүйесі үшін көлеңке жасау, жазда шыжыған күн сәулесінен қорғану және суық кезде тамырларды жылыту үшін және т.б.), пішінін ретке келтіру үшін бұтақтарын кесу және тіршілік ету әрекетін жақсарту, жапырақтарын сирексіту, ағаштың басын және діңін зиянкестерден қорғау үшін түрлі препараттармен өңдеу, қыста тамыр жүйесі мен діңдерін аяздан қорғау керек.

**КӨКӨНІСТЕР ЖАЙЫН ДА БІЛІҢІЗ**

Белгілі бір жағдайы жасалған жер учаскелері бар адамдар үшін көкөніс өсіру жақсы кәсіп болуы әбден мүмкін. Қазіргі кезде бұл өнімдердің нарығы өте кең, жеміс-көкөніс дақылдарын тек қарапайым тұтынушылар ғана емес, түрлі өндірістің өкілдері, базарлар мен супермаркеттер де сатып алады. Сонымен қатар өзіңіздің бақшаңызда өскендіктен экологиялық таза болады. Сонымен, қай көкөністі қалай егу керек, осыны анықтап алсақ.

**Картоп**. Еліміздің барлық өңірлерінің ұжымдық шаруашылықтары мен үй жанындағы бақшалары арасында кеңінен таралған дақыл. Картоп егуге дайындықты күзден бастау керек. Ең дұрысы – картопты қияр мен қырыққабаттан кейін отырғызу. Картопты қызанақ пен кәдіден кейін егуге болмайды. Ең жақсы тұқым материалы – жазғы егістен және екі өнімдік дақылдан алынған картоп түйнегі.Картопты күтіп-баптауға оны отырғызғаннан кейін 4-6 күн өткен соң ғана кірісу керек. Негізі, өніп жатқан түйнектер, топырақта жатып үнемі ауаны қажетсінетіндіктен картоп түбін ұдайы қопсытып отыру керек. Отырғызу алдында түйіндерді жақсылап әзірлеп, өсімдіктер мен топырақты дұрыс баптаған жағдайда көктемгі егілген картопты қазуға маусымның 1-онкүндігінде кірісуге болады. Көктемгі отырғызылған өнімді ең дұрысы –жаз бен күзде пайдалану. Қазан айының аяғы мен қарашаның басында картоп өне бастайды. Қысқы және көктемгі кездерде пайдалану үшін картопты жазда отырғызу керек.

**Қияр** Егу мамырдың бірінші онкүндігінде жүргізіледі, ал уақытша жабында өссе, сәуірдің соңында отырғызуға болады. Олар қатарлап егіледі. Ерте пісетін сорттар үшін қатарлар арасы –70 см, орташа және кешірек пісетіндері үшін –90 см. Көктегенге дейін қатарлар арасын қопсытып, арамшөптерден бірден тазартып тұру керек. Қияр өнімін олардың пісіп жетілуіне қарай теріп отыру қажет, себебі піскендерін уақтылы жинамау салдарынан басқа да жемістердің өсуі тежеледі. Шілде айында, жеміс салу күшейген кезде, өнім жинауды әрбір 1-2 күн сайын жүргізу керек. Қияр өнімін жинау барысында жемісті пышақпен кесіп алған жөн, жұлып алу өсімдік сабағына зиянын тигізуі мүмкін, ал ол өз кезегінде өнім беруді азайтады. Сонымен қатар, сабақтарын басып кетпеуге тырысу керек.

**Қызанақ.** Ұрық дәндерін егуді қаласаңыз дайындалған жерге қалауыңызша арық жасап, дәндерді екі данадан арасын 10-15 см. етіп тастап оытырыңыз. Әрбір екі күнде суарып, дән көгеріп, көшет болып шыққанда күнделікті суарып тұрыңыз. Көшет күйінде ексеңіз, күнделікті суару міндетті. Себебі қызанақ суды көп талап ететін өсімдік. Ал гүлдеп, жемісін салған кезде үш күнде бір суаратын дәрежеге көшкеніңіз дұрыс болады.

**Сәбіз.** Сәбізді де көшет немесе ұрық дәнектері арқылы егуге болады. Бірақ, ұрық дәнегі арқылы егу ыңғайлы. Оны да көгеріп шыққанша суарып тұруыңыз керек. Сәбіз ірі әрі қаның түсті болуы үшін үнемі суарып отыру керек. Сортына қарай сәбіздер үш түрге бөлінеді. Біздің өңірде көбіне «қызыл сәбіз» егіледі. Көктемгі сәбіздерді ақпан айының соңы мен наурыз айының басында егу керек болса, күздік сәбіздер тамызда егіледі.

**КАДИРОВА К.Р.**
***Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының бас маман – өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы***

*12 сәуір – Ғарышкерлер күні*

# ҒАРЫШҚА САПАР

2018 жылғы сәуір айының 12 жұлдызында «Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайында» Ғарышкерлер күніне байланысты «Ғарышқа сапар» тақырыбында «Жұлдыз» тобының тәрбиеленушілерімен мерекелік іс шара өткізілді. Бұл іс шараның мақсаты балалардың ғарыш, ғарышкер, ғарыш кемесі туралы түсініктерін қалыптастырып, ойындар ойнатып, тақпақтар айту арқылы оларды батылдыққа және ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу.

Іс шара барысында «Жұлдыз» тобының тәрбиеленушілері Қазақ елінің ғарышкерлері, мақтаныштары, ержүрек батырлары, халық қаһармандары Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов сынды ағаларымызға арнап тақпақ-тар, өлеңдер айтып, ме-рекге сай өздерінің бар өнерлерін салып, ойындар ойнады. Тақырыптың оларды қызықтырғаны соншалық, бірде бір бала қалыс қалмай, жақсы ат салысып қатысты.



Іс шара барысында, балалар ғарыш жайында көрген көріністерін көз алдыларына елестете отырып, өз қиялдарына сүйене, бірлесіп «Ғарыш әлемі» деген тақырыпта ұжымдық жұмыс коллаж жасады. Балалардың ғарышқа зымыранмен ұшуы, ғарышкердің кейіпкер болып кіруі, интерактивті тақтадан ғарыш әлемін тамашалауы сияқты ғажайып сәттер ұйымдастырылды.

Балалардың ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапарлары, сондай-ақ, Байқоңыр ғарыш алаңы, зымыран, қазақтың тұңғыш ғарышкерлері, ғарышкерлердің киімі туралы, ғарыш әлеміне тұңғыш ұшқан ғарышкер Ю.Гагарин, қазақтың ғарышкерлері Т.Әубәкіров пен Т.Мұсабаев, Айдын Айымбетов туралы мәліметтер тәрбиеленушілердің қиялдарына қиял қосып, армандарын асқақтатқандай болды.

*А. Н. Жаманбаева,*
*«Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы» КМҚК-ның тәрбиешісі*

*Домбырашылардың тартуы*

# МУЗЫКА МӘҢГІ СЕНІМЕН

Өткен аптада қаламыздағы балалар мен жасөспірімдердің «Достық» шығармашылық орталығында аталған орталықтың домбырашылар сыныбының «Музыка мәңгі сенімен» атты есеп беру концерті болып өтті. Жүргізуші концерт бағдарламасына сәйкес кіріспе сөзбен таныстыру рәсімін өткізгеннен – ақ зал қазақтың қара домбырасының үніне тұнды да кетті. Көрермендердің құрметіне бөлене сахнаға шыққан домбырашылар сыныбының «Балбырауын» домбырашылар ансамблі алдымен А. Райымбергеновтің «Секіртпе» күйін өз мәнерінде орындап шықты. Сынып жетекшісі Нұртаева Айман Дәуітқызы өзі ансамбль құрамында домбырада ойнап отырсада оқушыларының әр қимылын жіті бақылап, сондай бір шеберлікпен басқарып отыратындығы байқалады. Көрермендерге жеткізілгендей домбырашылар сыныбында Нұрсейіт Еркебұлан, Әлімханова Арай, Орынбасар Аяулы, Школяр Роман, Яхшилик Айдана, Алшымбекова Маржан, Зауыр Айым, Нұрасылова Мақпал, Ибадуллаев Серік, Сайлаубек Әлихан, Ходжабай Әсет, Ораз Дәния, Қыдырбай Жансая, Зиннадин Диана, Бақытжанқызы Гүлсезім, Мәдібек Інқар, Мәдібек Аяла, Төлеубекова Кәмила, Болат Мұрагер, Шуженов Сержан, Абикеева Гүлжан, Шахизада Аяулым, Андакулов Еркебұлан, Тойымбекова Аужан, Закен Уәлихан, Аманжол Аяжан, Тілеуберлин Мирас, Асылбекова Қымбат, Рысқұл Марғұлан, Байжан Айдана, Ақбергенова Балнұр, Жексенұлы Димаш, Қаскырбаев Мағжан, Асылбекова Мәдина және тағы да басқа өнерлі оқушылар өз өнерлерін шыңдайды екен. Аталған сыныптың оқушылары бірқатар байқауларға қатысып, жүлделі орындардан көрініпті.

Атап айтқанда, 2017 жылдың көктемінде Алматы қаласында өткен «Ренессанс» атты ІІ Халықаралық фестиваль-конкурсында 1-орынды жеңіп алып, жоғары орындаушылық шеберліктерімен көзге түссе, сол жылдың жазында Қарағанды қалдасында ұйымдатырылған «Мәңгілік ел» атты Халықаралық фестиваль-байқауға қатысып, 1 және 2-ші орындарды иеленіп, көрермендердің зор ықыласына бөленіп қайтқан. Сондай-ақ, өз қаламызда өткізілген домбыра аспабында жеке орындаушылар арасындағы аймақтық байқауда жас өнерпаздарымыз алдыңғы қатарлардан көрінсе, биылғы жаңа жылдың қарсаңында Қарағанды қаласында өткен «Қыс өрнегі» атты Халықаралық фестиваль-байқауда өнер көрсеткен талантты күйшілеріміз бірінші, екінші және үшінші орындарды жеңіп алып, дипломдармен марапатталды.

Концерт басында балалар мен жасөспірімдердің «Достық» шығармашылық орталығының директоры Светлана Попченко мінберге шығып, домбырашылар сыныбының жетекшісі мен жеткіншектерін алғашқы есеп беру концертімен құттықтап, өз тілегін білдірді. Одан кейін домбырашылар ансамблі халық күйлері «Кеңес» пен «Жастар биін» орындады. Әсіресе, Татяна Мишугинаның жетекшілігімен сахнаға шыққан «ДО-МИ-СОЛЬ-КА» хорымен қоса Елена Волкованың сүйемелдеуімен орындалған қазақтың «Қара жорғасы» қасиетті домбыра үнімен үйлесе шырқалғаны көрермендерді таң қалдырмай қоймады. Оның соңын ала бере концертмейстер Светлана Попченконың сүйемелдеуімен Айдана Яхшиликтің орындауында Нұрғиса Тілендиевтің «Құттықтаймын мама!» әні ұсынылды.



Дәулеткерейдің «Қыз Ақжелкен», Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқым» және Дайрабайдың «Дайрабай», сондай-ақ халықтың «Нәр ағашы» мен «Келіншек» күйлері де өз нақышында орындалып, жас домбырашыларымыз көрермендердің зор құрметіне ие болды. Біз де, өз кезегімізде «Балбырауын» домбырашылар ансамблінің мүшелеріне толағай табыстар тілейміз. Қазақтың «Қара домбырасының» үні асқақтай берсін!

**Б. Алшынбекұлы**

*Главное – воинская дисциплина!*

# В АРМИИ НЕТ МЕСТА НЕУСТАВНЫМ ВЗАИМООТНОШЕНИЯМ

Успешное выполнение воинскими частями и учреждениями возложенных на них задач по обеспечению высокого уровня боевой готовности и боеспособности во многом зависит от неукоснительного соблюдения военнослужащими воинской дисциплины, правил взаимоотношений между военнослужащими, уважения к Конституции, законам и уставам Вооруженных Сил Республики Казахстан.

Очень актуальным в армейской среде всегда являлось соблюдение установленного Уставом порядка взаимоотношений между военнослужащими, воинской вежливости и взаимоуважения.

Нарушение уставных правил взаимоотношений между военнослужащими, а также физическое насилие начальника в отношении подчиненного посягает на нормальные взаимоотношения личного состава, мешает созданию в частях и подразделениях обстановки войскового товарищества и взаимовыручки.

В ушедшем году нарушения уставных правил взаимоотношений между военнослужащими, как негативные явления, имели место в воинских частях Приозерского гарнизона.

В этой связи, в целях предупреждения и пресечения указанных явлений, в период с 9 по 18 апреля текущего года, сотрудниками Отдела военной полиции Приозерского гарнизона в воинских частях и учреждениях проведена профилактическая декада. С военнослужащими проведены разъяснительные беседы, доведены приговоры военных судов об осуждении военнослужащих за наиболее резонансные уголовные правонарушения указанной категории, а также нормы уголовной ответственности.

Хочется надеяться, что проведенная профилактическая декада окажет свою воспитательную и профилактическую роль и позволит в дальнейшем избежать нарушений правил взаимоотношений между военнослужащими в воинских частях нашего гарнизона.

**С. С. Жусипов,**
***начальник отделения дознания и розыска Отдела военной полиции Приозерского гарнизона, майор юстиции***

*Жаманнан жирен*

# ПРИОЗЕРСК ГАРНИЗОНЫ ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ «ҚҰМАР ОЙЫНҒА ЖОЛ ЖОҚ» АЙЛЫҒЫ ЖАЛҒАСУДА

Приозерск гарнизонының Әскери полиция бөлімі әскери қызметшілердің тәртібін қамтамасыз ету мақсатында, «Құмар ойынға жол жоқ» айлығын жүргізді. Бүгінгі қоғамның өзекті мәселесі де осы. Құмар ойындардың қаптап кетуі, ойын автоматтарының шексіз саны бүгінгі әскери қызметшілердің басына бәле болып жабысқан. Нақтырақ айтсақ, жас буынды әскери қызметшілердің санасын улайтын, талай адамның түбіне жеткен құмар ойындар.

Осы мәселемен күресу мақсатында, 2007 жылы 12 қаңтарда 17 баптан тұратын ҚР «Ойын бизнесі туралы» заңы қабылданған болатын. Осы заңның 11-бабында «Республикамыз бойынша ойынханалар мен ойын автоматтарының залы Алматы облысы Қапшағай су қоймасының жағалауында және Ақмола облысы Щучье ауданында ғана орналасады» - деп жазылған. Бірақ, бұл мәселе мүлдем тоқтап қалған жоқ. Бұлай деуге себеп, мәселен Қарағанды облысындағы Приозерск қаласының кей көшелерінде орналасқан блярд клубтарында азарттық ойындардың автоматтары тұрғанын көзіміз көп шалады. Автоматтың алдында араша үймелеген үлкенді–кішілі адамдардың арасында әскери қызметшілердің жүргені тағы бар. Бұл құмар ойындардың талайды өзіне жіпсіз байлап, қан қақсатып жүргені жасырын емес. Әуелі тіккен ақшасын екі есе көбейтіп алып, артынан он есе, тіпті жүз есе қарызға белшесінен батып жатқандарында көріп жүрміз.

Алайда, осы ойын апараттың арқасында Республикамыздың түпкір –түпкірінде қаншама оқиғалар орын алып жатыр. Мамандар бұл дертке «лудомания» - деп ат берген. Бұл ауруға көбінесе жастар ұшырайды. Лудомания жастардың психологиясына, рухани дамуына кері әсерін тигізеді. Құмар ойындардың құлына айналған адам қарызға батып түрлі қылмысқа барады. Сонымен қатар, құмар ойындар дос - жаран мен туған –туыстың арасына іріткі салады. Ақшаның елесі оған еліктеген жанды адастырып, көзін тұмандатып, жақын – жұрағаттарын ұмыттыратындығы сөзсіз. Азарттық құмарлыққа берілген жан барша дүниені ұмытып, барлық есіл-дерті ақшаға ауып, соны қалай ұтып алуды ғана ойлайды. Былайша айтқанда, оның мақсаты құмарға тігілген ұтысты жеңіп алу ғана болады. Бірақ бәрі олар ойлағандай емес. Оның арты үлкен қасіретке жолықтыру әбден мүмкін.

Осындай сұмдықтарға әскери қызметшілердің баруына жол бермеу мақсатында Приозерск гарнизонының Әскери полиция бөлімі «Құмар ойынға жол жоқ» айлық акциясын жүргізді. Құмар ойынға қызығушылығын арттырып жүрген әскери қызметшілермен тәрбиелік тұрғысындағы сұқбаттар жүргізіліп, оларды ерлікті, намысты және парызды биік қойып, Отанға сенімділікпен адал



қызмет етуге шақырды.

**С.С. Жүсіпов,**
***Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімнінің анықтау және іздестіру бөлімшесінің бастығы, әділет майоры***

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 16/556. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2,8 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*